

«Мұнаймен ластанудан болатын залал үшін азаматтық жауапкершілікті сақтандыру немесе өзге де қаржымен қамтамасыз ету туралы куәлікті беру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің 2002 жылғы 17 шілдедегі № 251-І бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 18 наурыздағы N 153 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 25 сәуірде N 6896 тіркелді

«Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 17 қаңтардағы Заңының 177-бабының 3-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Мұнаймен ластанудан болатын залал үшін азаматтық жауапкершілікті сақтандыру немесе өзге де қаржымен қамтамасыз ету туралы куәлікті беру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің 2002 жылғы 17 шілдедегі № 251-І бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1956 тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

аталған бұйрықпен бекітілген Мұнаймен ластанудан болатын залал үшін азаматтық жауапкершілікті сақтандыру немесе өзге де қаржымен қамтамасыз ету туралы куәлікті б е р у е р е ж е с і н д е :

1 0 - т а р м а қ т а :

екінші бөліктегі «міндетті түрде қайтаруға жатады» деген сөздер «қайтарылады»;

ү ш і н ш і б ө л і к т е :

бірінші сөйлемдегі «он» деген сөз «бес жұмыс» деген сөздермен толықтырылсын;

екінші сөйлемдегі «міндетті» деген сөз алып тасталсын;

13-тармақтың бірінші бөлігіндегі «он» деген сөз «бес жұмыс» деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

16-тармақтың бірінші бөлігіндегі «он» деген сөз «бес жұмыс» деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

17-тармақтағы «бас тартылуы мүмкін» деген сөздер «бас тартылады» деген с ө з д е р і м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

18-тармақтағы «бас тартылуы мүмкін» деген сөздер «бас тартылады» деген с ө з д е р і м е н а у ы с т ы р ы л с ы н .

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің Заң департаменті (Искакбеков А.Ә.) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу үшін ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация вице-министрі Е.С. Дүйсенбаевқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Ә. Құсайынов

« К Е Л І С І Л Д І »

Қазақстан

Республикасының

Қоршаған ортаны

қорғау министрі

Н.С. Әшімов

2011 жылғы 24 наурыз

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК